

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің № 4 мәжілісінің хаттамасының шешімдері**

Түркістан қаласы

22.12.2025 ж.
Сағат: 15:00Өткізілетін түрі: Сенат залы/онлайн
пароль:852202

идентификатор:99468517564,

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрайымы Ошибаева А.Е., ҒК төрайымының орынбасары Х.Масадиков, ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, журнал редакторлары, «Тұран» баспахана директоры И.Назымханов, Кітапхана директоры А.Абсеметова, Ғылыми жинақ авторы М.Әліпхан.

Күн тәртібі:

1. Жоғары білімнен кейінгі білім берудің докторантура бағдарламалары бойынша 2025–2026 оқу жылында қабылданған докторанттардың диссертация тақырыптарын Сенатқа бекітуге ұсыну (*Баяндамашы: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А.Досболов*);

2. Әр түрлі мәселелер

2.1. Докторанттардың жетекшілері мен тақырыптарына өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, қайта бекітуге Сенатқа ұсыну (*Баяндамашы: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

2.2. Журнал атауын өзгерту және жаңадан журнал ашу мәселесі (*Баяндамашы: Журнал редакторлары Ш.Құрбанбеков, Н.Жунисов*);

2.3. 2025 жылдың 2-4 сәуір айында өткізілген «II-Қазақ тілі-ғылым тілі: жасанды интеллект және терминология» атты халықаралық симпозиумында жиналған материалдар жинағын баспадан шығару мәселесі (*Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 0, 36%, ҰК2 – 0,20%, өз қаражаты есебі*) (*Баяндамашы: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрк*);

2.4. 2024 жылдың 23-24 қазан айында өткізілген Мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Ондасыновтың 120 жыл толуына орай «Қазақстан және Нұртас Ондасынов құбылысы: мәдени-талдау аспектісі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағын баспадан шығару мәселесі (*Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 12, 59%, ҰК2 – 8,62%, өз қаражаты есебі*) (*Баяндамашы: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрк*);

2.5. 2025 жылдың 18 сәуір айында өткізілген «Мәулен Балақаев оқулары-2025» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағын баспадан шығару мәселесі (*Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 11, 70%, ҰК2 – 7,62%, өз қаражаты есебі*) (*Баяндамашы: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрк*);

2.6. 2025 жылдың 14 қараша айында өткізілген Қазақ ғылымы мен оқу-ағарту ісіне еңбегі сіңген ұлағатты ұстаз, ф.ғ.докторы Жұмабай Әбілдің құрметіне арналған «Жұмабай Әбіл және әдебиетану ғылымының даму бағыттары» атты

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағын баспадан шығару мәселесі (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 –2,11%, ҰК2 –0,70%, өз қаражаты есебі) (Баяндамашы: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрк);

2.7. Ғылым комитетінің 2025 жылдың 10 желтоқсан айында өткен ішкі аудит нәтижесі бойынша түзетуші әрекеттер жоспарын бекіту (Іс-құжат номенклатурасы және Тәуекелдер жоспары)

2.8. Филология факультетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. М.Әліпхан дайындаған «Толық адам танымы» атты ғылыми жинақ кітабын Сенат мәжілісіне ұсыну (Рецензенттері: Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, ф.ғ.докторы Б.Әбдіғазиев, Абай атындағы ҚазҰПУ доценті, ф.ғ.кандидаты Ж.Шойынбет, Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, ф.ғ.кандидаты П.Адиева (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 59,47%, ҰК2 – 47,50% (университет қаражаты есебінен) (Баяндамашы: М.Әліпхан);

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Жоғары білімнен кейінгі білім берудің докторантура бағдарламалары бойынша 2025–2026 оқу жылында қабылданған докторанттардың диссертация тақырыптары қосымшадағы 1-кестеге сәйкес Сенатқа бекітуге ұсынылсын (Жауапты: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов);

2. Әр түрлі мәселелер:

2.1. Докторанттардың жетекшілері мен тақырыптарына өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, қосымшадағы 1, 2, 3, 4-кестеге сәйкес қайта бекітуге Сенатқа ұсынылсын (Жауапты: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов);

2.2. Журнал атауын өзгерту және жаңадан журнал ашу мәселесі бойынша тиісті шешім қабылдау үшін Сенат мәжілісінің қарауына ұсынылсын (Жауаптылар: Журнал редакторлары Ш.Құрбанбеков, Н.Жунисов);

2.3. 2025 жылдың 2-4 сәуір айында өткізілген «II-Қазақ тілі-ғылым тілі: жасанды интеллект және терминология» атты халықаралық симпозиумында жиналған материалдар жинағы Кітапхананың ресми сайтына (<https://lib.ayu.edu.kz/>) және факультеттің ресми сайтына электрондық форматта жариялансын (Жауапты: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрк);

2.4. 2024 жылдың 23-24 қазан айында өткізілген Мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың 120 жыл толуына орай «Қазақстан және Нұртас Оңдасынов құбылысы: мәдени-талдау аспектісі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы Кітапхананың ресми сайтына (<https://lib.ayu.edu.kz/>) және факультеттің ресми сайтына электрондық форматта жариялансын (Жауапты: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрк);

2.5. 2025 жылдың 18 сәуір айында өткізілген «Мәулен Балақаев оқулары-2025» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы Кітапхананың ресми сайтына (<https://lib.ayu.edu.kz/>) және факультеттің ресми сайтына электрондық форматта жариялансын (Жауапты: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрк);

